

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II-тарауының 12-бөліміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 157 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 57-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98-шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 2-қосымшаның 20-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті**:

1. Кеден одағының комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299-шешімімен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II-тарауының 12-бөліміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасы төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

В. Назаренко

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2023 жылғы 14 қарашадағы
№ 157-шешіміне
ҚОСЫМША

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II-тарауының 12-бөліміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 1-бөлікшенің атауы мен төртінші абзацтан кейін ЕАЭО СЭҚ ТН "4803 00" коды ЕАЭО СЭҚ ТН "3924, 4014, 4803 00" кодтарымен ауыстырылсын.

2. 4-бөлікшенің 7-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мақсаты, қолдану тәсілі, қолданар алдында зарарсыздандыру қажеттілігі (етеккір шыныаяқтары үшін) (егер осы өнімді қолдану айқын және жалпыға белгілі болса, қолдану жөніндегі нұсқаулықты (етеккір шыныаяқтарынан басқа) келтірмеуге жол беріледі)".

3. 5-бөлікше мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Менструальдық шыныаяқтардан тазартылған суға зиянды заттардың көші-қон көрсеткіштері II-тараудың 12-бөліміне 12.6-қосымшаға сәйкес рұқсат етілген деңгейден аспауы тиіс".

4. 48-топтың алдындағы 1-кесте мынадай мазмұндағы 39 және 40-топтармен толықтырылсын:

"

39-топ Пластмассалар және олардан жасалған бұйымдар	
3924-тен	Пластмассадан жасалған гигиеналық немесе дәретхана заттары
40-топ Каучук, резина и изделия из них	
4014-тен	Вулканизацияланған резеңкеден жасалған гигиеналық бұйымдар

".

5. Көрсетілген бөлімге 12.1-қосымшада 2-өнімнің тобына (түріне) қатысты позиция екінші бағанда "қосымшалар" деген сөзден кейін "етеккір шыныаяқтары" деген сөздермен толықтырылсын.

6. Көрсетілген бөлімге 12.2-қосымшада 1-бағандағы 2-позиция "қосымшалар" деген сөзден кейін "етеккір шыныаяқтары" деген сөздермен толықтырылсын.

7. Мынадай мазмұндағы 12.6-қосымшамен толықтырылсын:

"Санитариялық-
эпидемиологиялық қадағалауға
(бакылауға) жататын өнімге
(тауарларға) қойылатын
бірыңғай санитарлық-
эпидемиологиялық және
гигиеналық талаптардың
II-тарауының 12-бөліміне
12.6-қосымша

Етеккір шыныаяқтарынан тазартылған суға зиянды заттардың көші-қон көрсеткіштері

Материалдың атауы	Анықталатын көрсеткіш	Рұқсат етілген мән
1. Полиорганосилоксандар (силикондар)	формальдегид метил спирті	0,1 мг/л артық емес 0,2 мг/л артық емес
2. Резеңке мен латекстің барлық түрлері	тиурам цимат этилцимат дифенилгуанидин каптакс альтакс дибутилфталат ионы цинка	0,5 мг/л артық емес 0,03 мг/л артық емес 0,01 мг/л артық емес 1,0 мг/л артық емес 0,15 мг/л артық емес 0,15 мг/л артық емес 0,25 мг/л артық емес 1,0 мг/л артық емес
3. Стиролды	стирол	0,01 мг/л артық емес

4. Метиленстирольды	а-метилстирол	0,1 мг/л артық емес
5. Изопрендi	изопрен	0,01 мг/л
6. Хлоропренді (наирит)	хлоропрен	0,1 мг/л".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК